

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасы экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

Бұл серияның негізгі демеушісі – егемендігіміздің қабырғасы қатып, бұғанасы бекуіне өлшеусіз зор үлес қосып, еліміздің мерейін асырып, ырысын тасытып отырған ең басты дәулетіміз – қазақ мұнай өнеркәсібін кең қарымды өркендетудің флагманы ретінде танылған «ҚазМұнайГаз» ҰК» Акционерлік қоғамы.

**Н.Ә. Марабаев атындағы
«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Құттыгерей СМАДИЯР
Бауыржан СИСЕНОВ

ХИСМЕТОВТЕР

ӘУЛЕТІ



Алматы 2015

ӘОЖ 622.323
КБЖ 26.343.1
С 52

Смадияр Қ., Сисенов Б.

С 52 ХИСМЕТОВТЕР ӘУЛЕТІ /

Құттыгерей Смадияр, Бауыржан Сисенов. –
Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2015.
192 бет, 32 бет жапсырма. Қазақ мұнайының ардақтылары.
Өмірбаян сериясы.

ISBN 978-9965-816-72-7

Бұл кітапта елімізге белгілі көрнекті мұнайшылар, ұзақ жылдар бойы қарт Ембінің, Маңғыстау түбегінің түрлі кәсіпшіліктерінде басшылық қызметтер атқарған, бірнеше кенішті алғаш ашушылар, білікті мамандар – Сәлім, Асабай Хисметовтердің еліміздің стратегиялық саласын дамытудағы мол үлесі әңгімеленеді. Бүгінде осы мұнайшылық кәсіпті олардың ұрпағы Сырым, Хәкімжан, Берік, Серік, Исатайлар абыроймен жалғастыруда. Туындының «Хисметовтер әулеті» деп аталуының да өзіндік сыры бар, өйткені бұл әулеттің еңбек өтілі 150 жылға жетіп отыр. Қазақстан мұнай өнеркәсібін өркендету барысындағы алуан оқиғаларға куә болған қайраткерлердің өмір жолдары кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық.

ӘОЖ 622.323

КБЖ 26.343.1

ISBN 978-9965-816-72-7

© ОФ «Мұнайшы», 2015

Мұнайшылар мерейі

(Алғы сөз)

Әлбетте, Тәуелсіздігіміздің көк байрағын көтерген жылдар ішінде күшіміздің толысып, игілігіміздің молая түсуіне мұнайшылардың қосқан үлесі зор. Сондықтан да ол ел экономикасының негізгі тірегі болып саналады. Бұл орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Мұнай мен газ – Қазақстанның басты шикізат байлығы, оның болашақ гүлденуінің негізі», – деген-ді. Ал осынау «қара алтынның» қадірін арттырып, күндіз-түні ыстық пен суыққа қатар төзген, қазақ мұнай өнеркәсібін дамытуға зор үлес қосып, ерен еңбек сіңірген мұнайшылар қауымын қалай мақтасақ та жарасады. Себебі геолог барлаушылар мұнай-газ кәсіпшілігінің алғашқы іргетасын қалаушылар саналып, беймәлім жер қыртысын алдымен зерттеп, тұңғық тереңмен тұңғыш тілдеседі. Тіпті өңірдегі Майкөмген, Мұнайлы, Қараарна, Майтөбе, Қаратон, Қарамай, Қарашүңгіл, Жаксымай, тағы басқа да атаулар осындағы «қара алтын» қорымен байланысты. Қарашүңгілден басталған қазақ мұнайының тарихы ғасырдан аса уақытты қамтиды. Сол уақыттан бері мұнай мен газ халықтың игілігіне жұмсалып, қаншама мұнай селін ағытқан еңбек майдангерлерінің шоғыры қалыптасты десеңізші?! Мәселен, соғыс жылдары Мақат кәсіпшілігі майдан қажетін өтесе, Доссор мұнайының сапалылығы сондай, ол сол күйінде танкілерге құйылды. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қатарға қосылған кеніштер – қазақстандық геологтардың кәсіби біліктілігі мен ерен еңбегінің жемісі. Демек

бұрғы ұшындағы береке халқымыздың әлеуметтік ахуалын жақсартып, экономикамызды алға апаруға даңғыл жол ашары кәміл. Осы орайда ағайынды Сәлім мен Асабай Хисметовтердің сүбелі үлестері бар екені анық. Өйткені олар қарапайым еңбек адамының шаңырағында дүниеге келіп, мұнайшылық жолда қалтқысыз қызмет етіп, елдің ыстық ықыласына бөленген азаматтар. Айталық, Ұлы Отан соғысының ардагері, Мәскеу мұнай институтын бітіріп, Құлсары МӨБ операторы, шебері, Қосшағыл мұнай өндіру орнында бас инженер, Мұнайлы мұнай өндіру орнында меңгеруші, іріленген Қошқар мұнай өндіру орнының бас инженері, директоры, мұнай өнеркәсібіндегі Атырау обкомының кәсіптік одақтарының төрағасы, «Доссормұнай» МГӨБ бастығының орынбасары, «Кеңқиякмұнай» МГӨБ бастығы, «Доссормұнай» МГӨБ бастығының орынбасары, «Ембімұнай» ӨБ тампонаждық кеңсесінің бас инженері, «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендері және көптеген медалдармен марапатталған Сәлім Хисметовтің «қара алтынның» қадірін арттырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Сондай-ақ «Маңғыстау бойынша жаңа материалдар түбектің ең көне қатқабаттарының стратиграфиясын жасақтаған В.Мокроусов тарапынан жинақталып, 1952 жылы бір арнаға келтірілді. Маңғыстауға Ембінің мамандары жіберілді, олар – Х.Өзбекқалиев, А.Хисметов, В.Токарев, У.Бердіғожин, Б.Есенғалиев, Ж.Сәлімгереев, У.Бегалиев, К.Мырзағалиев, Х.Тәжиев, т.б. Мұнда ірі қалалардан, темір жол мен су жолдарынан қашық орналасқан елсіз де сусыз шөл аймақта, тез аралықта ірі мұнайлы-газды жаңа алап – Оңтүстік Маңғыстау алабы ашылды. 1961 жылы Өзен құрылымында №18 құрылымдық ұңғыманы бұрғылау барысында 368 м тереңдіктен Оңтүстік Маңғыстауда алғаш рет газ бұрқағы алынды, осыдан кейін Өзен алаңшасында барлау бұрғылауы күшті қарқынмен жүргізіле бастады. Сол 1961 жылы Оңтүстік Маңғыстаудан екі бірдей мұнай кен орны – Өзен мен Жетібай ашылды», – деп Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Сайлау Жылқайдаровтың республикалық «Қазақ үні» (6 қыркүйек, 2011 жыл) газетіндегі «Қазақ мұнайының қайнар көзі қай ғасырда ашылды?» атты Көпен Әмірбекпен болған сұхбатында айтылғандай,

60-шы жылдары Маңғыстаудың мұнайын игеру үшін Ембіден жіберілген мамандардың бірі – Асабай Хисметов. Ол сол Маңғыстау өңірі мұнайының игерілуіне сүбелі үлесін қосып, Жетібай, Өзен, Тенге, Теңіз кен орындарын алғаш ашушы ретінде тарихта аты мәңгі жазылып қалса, мұнай кеніштерін игерудегі ерен еңбегі үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып, Еңбек Қызыл Туы орденіне ие болған абзал азамат. Бір қызығы – жоғарыда аттары аталған Сәлім мен Хисмет қарапайым шаруа отбасынан шығып, біреуі – алдына жол көрсетер аға, екіншісі ағаның ізгілікті ізін жалғастырар іні ретінде Мәскеудің М.Губкин атындағы мұнай институтын бітіріп, ел экономикасын дамыту бағытында қалтқысыз қызмет етіп, мұнай саласының мәртебесін биіктетті. Екеуінің де балалық шағы қиынқыстау кезеңдерге тап келді. Бірақ жақсы білім алып, ел игілігі жолында ерен еңбек сіңіруді ойлаған қайсар азаматтар мұнайлы мекеннің мерейін үстем ету үшін бар күш-жігерін жұмсады. Ізгілікті іс тындырып, нәтижелі жұмыстың көрсеткішін көрсетті. Еңбекшілердің серпінді жұмыс жасауына игі ықпалын тигізді. Осы орайда Сәлім Хисметовтің өмірлік серігі Мәреш Мәрдекованың жүрегінен жарып шыққан:

*«Бейнет пенен азапты көрген ерлер,
Еліне бар қуатын берген ерлер.
Халқы оларды құрметтеп, еске алады.
Өнегесі ұрпаққа берсін жігер.
Осы өлкеде бір әулет – төрт шаңырақ,
Мұнайшы әулет атанды, қалмай жырақ.
Кешегі ауыр кезде еңбек еткен,
Көре алмай осы тойды кетті бірақ.
Өткендерді асыра мақтамаймын,
Бәйгеге де атымды баптамаймын.
«Мұз төсеніп, қар жамылып» еткен еңбек,
Ерлердің аруағын аттамаймын.
Таныстыра кетейін әулетімді,
Саялаған бағымды – дәулетімді.
Қарапайым мұнайшы әулет еді,*

*Еске алып, өтемекпін міндетімді.
 Қайын ағам – Сабыр «темірден түйін түйген»,
 Қайын інім – Асабай бұрғышы халқы сүйген.
 Сәлім мұнай баптаған – басшы болды,
 Қуандық, көзі тірі, солардан үлгі көрген.
 Солардан 22 ұрпақ өсті азамат боп,
 Білімді, еңбек сүйгіш, мұнайшы топ.
 Тараған осылардан 30-дай немерелер,
 Талтынады мұнайшы боламын деп», –*

деген жыр шумақтары ойға оралады. Ендеше, осындай өмірі өнегеге толы мұнай саласының майталмандары туралы кеңінен толғап, олардың ізгі істерін бүгінгі және кейінгі ұрпаққа ұлағат етсек, керемет емес пе?! Ал, осы тұрғыдан алғанда, әлгінде айтқан Сәлім, Асабай Хисметовтердің шоқтығы биік. Сондықтан біз олардың мұнай өндіру саласындағы ерен еңбектеріне тереңірек үңіліп, оны бірге жұмыстас болып, тәлімді тәрбиесін көрген азаматтардың естеліктерімен ұштастырып, ғибратты ғұмырлары хақында әңгіме өрбіткенді мақсат тұттық. Қазақта «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деген мақал бар. Өмірден түйген тәжірибесін ортаға салып, оны артынан ерген ізбасарларға үйретіп кеткен азаматтың ғана есімі мәңгі өшпейді. Бұл орайда Сәлім де, Асабай да сан сапат қиындықтар көрсе де, мойымай, мұнай өндіру саласындағы тәжірибелерін ортаға салып, артынан ерген талай інілерге ұлағаты мол ұстаз бола білді. Бүгінде солардан тәлімді тәрбие алған шәкірттері ағалардың ақжолтай жолдарын жалғастырған білікті басшы, мәртебесі биік мұнайшылар. Мәселен, Қайнар, Мақат мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы болған, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылқоға, Мақат аудандарының Құрметті азаматы Ардақ Қонысқалиев «Мұнай саласындағы еңбек жолыма бір сәт ой жүгіртсем, бірден көз алдыма Сәлім аға Хисметовтің жарқын бейнесі елестейді. Өйткені мені мұнай деген тұңғыық әлемнің даңғыл жолына салып жіберген алғашқы ұстазым да мен үшін дара тұлға Сәлім аға болатын....» десе, Асабай Хисметовтің тәлімді тәрбиесіне қаныққан Мағауия Шырдабаев:

«Үлкен мұнайға барар жолдағы табалдырықтан өз мамандығына шексіз берілген, кәсіби шеберлігі халықаралық дәрежеде дейтіндей, білікті барлаушы, майталман мұнайшы, білгір басшы Асабай Хисметов ағамен бірге осылайша аттаған болатынымын. Осыдан кейін Прорва Теңіздің табалдырығы деп кейіннен айтып жүрдік. Прорва даласындағы бұрғылау жұмыстары шыңырау қабаттарын игерудегі жақсы сынақ болды. Аяқ астынан болған апатты да орнына келтіріп, «тентек скважинаны тезге салдық», жаңа алаңдарды өндірушілерге тапсырып, қуанышпен қанаттанып, ертеңдерге асқақ көңілмен қарадық. Қалай болғанда да, тәжірибеміз молая түскен сайын тереңдіктерге де сеніммен бұрғы қадап, жетіле бердік. Арада он жыл өткенде көршілес волгоградтық барлаушы-бұрғышылармен социалистік жарысқа түсерліктей дәрежеге қол жеткіздік. Ұлттық бұрғышы маман кадрлар мен олар пайдаланып жүрген техника, құрал-жабдықтардың белгілі бір деңгейде талаптарға сай бола бастағанын ісімізбен дәлелдей білдік. Біздің жігіттер қазған ұңғылар да волгоградтықтардың қазғанындай жобалық тереңдіктерге жетті. Тәжірибелік сынақтардан да ойдағыдай өтті. Асабай аға ертегідей тамсана айтқан тұзасты мұнайын көзіміз көріп, неше түрлі оқиғалардың қызығы мен қуанышын қатар бөлістік. Аяулы да ардақты тұлға болып тарихта есімі қалған Асекең туралы алдағы өмірде талай-талай жас өрен бұрғышылардың айтатынына, оның өмірі мен қызметін өздеріне үлгі етіп, болашақтарында бағдаршамға айналдыратынына сенім мол», – деп тебіренеді. Соған сай, біз бір топ шәкірттеріне хабарласып, олардың ұстаздары туралы тұщымды пікірлеріне қанық болдық. Оған қоса, Сәлім мен Асабайдың студенттік шақты бірге өткізген достары, бірге қызметтес болған замандастары, өмірлік серіктері мен ұл-қыздарының да ескірмейтін естеліктеріне назар аударып, кейіпкерлеріміздің өнегесін өрісті ете түсуді де ұмытпадық. Бір сөзбен айтқанда, Сәлім, Асабай Хисметовтердің ғұмырнамалық ғибраты, білікті барлаушылығы мен майталман мұнайшылығы түгелдей баяндалады. Олай болса, ел экономикасының өркендеуіне зор үлес қосқан мұнайшылардың мерейі қашанда үстем.

Бірінші бөлім

Сырбаз мінезді Сәлім

Хисметов Сәлім (1922-1987, Атырау облысы) – ҰОС ардагері. Мәскеу мұнай институтын бітірген (1951). 1951-1952 жылдары – Құлсары МӨБ операторы, шебері. 1952-1954 жылдары – Қосшағыл мұнай өндіру орнында бас инженер, Мұнайлы мұнай өндіру орнында меңгеруші. 1954-1965 жылдары – іріленген Қошқар мұнай өндіру орнының бас инженері, директоры. 1965-1971 жылдары – мұнай өнеркәсібі Атырау обкомының кәсіптік одақтарының төрағасы. 1972-1975 жылдары – «Доссормұнай» МГӨБ бастығының орынбасары, «Кеңқияқ-мұнай» МГӨБ бастығы, 1975-1986 жылдары – «Доссормұнай» МГӨБ бастығының орынбасары, «Ембімұнай» ӨБ тампонаждық кеңсесінің бас инженері. «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендері және көптеген медалдармен марапатталған.

Қазақстан мұнай энциклопедиясы

Гурьев қаласының күншығыс бетінде Қайыршақты деген ауыл болды. Егер «Ракуша» Каспий теңізіндегі алғашқы айлақты село атанса, «Қайыршақты» балықшылар ауылы еді. Міне, осы ауылда Шеркеш руының Шумақ бөлімінен өрбіп, Тоқымбет-Саңбар-Қарамырза-Түлкібай-Адайбай болып таралатын аталардың ұрпағы Бисалы, Хисмет Ақтөреш атты қарттар өмір сүріп, қарапайым ғана балықшылық пен малшылықты кәсіп етті. Осы жерде қазақтың ежелден бері қалыптасқан «Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді» деген қағидасы бар екенін айта кету орынды. Бұл әменгерлік деп аталады. Оған тоқтала кетудің өзіндік себебі бар. Әлгінде айтқан Ақтөрештің алдындағы ағаларының Бисалысынан Қарлақ, Мұрат,

Мұханбет туса, Хисметтен Сабыр мен Біләл өрбиді. Бірақ Хисмет бұ дүниеден ертерек кетіп, оның жолдасы Зағипа әменгерлік жолмен қайын інісі Ақтөрешпен отау құрады. Осы шаңырақта Зағипа екеуінен Сәлім, Наурыз, Асабай атты ұлдар мен Қымбат атты қыз дүниеге келіп, оларды азамат деген атқа лайық болуға тәрбиеледі. Ал Ақтөрештің бәйбішесі Дәмештен Қанзиба, Қанзила, Ұмсындық, Ұлмекен атты қыздар мен Қуандық атты ұл жарық дүние есігін ашты. Кейіннен «Хисметтің аты өшпесін» деп біздің басты кейіпкерлеріміз Сәлім мен Асабайдың тегін Хисметов деп жаздырады. Сөйтіп, ата дәстүрді ардақ тұтқан Ақтөреш пен Зағипа ұл-қыздарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеп өсірді. Алайда сұм ажал Ақтөрештей атпал азаматты 1949 жылы бұ дүниеден алып кетсе, екі жылдан кейін жан жары Зағипа да қайтпас сапарға аттанады. Бұл кезде Сабыр орда бұзар отыздан асқан жігіттұғын. Сол себепті оған әкенің жолын жалғастырып, артындағы інілері мен қарындасына қамқор болу міндеті артылды. Ол хақында Сабырдың ұлы Сырым:

– Әкем баланың үлкені болғандықтан, інілеріне, қарындасына қамқор болып, сонау ашқұрсақ заманында адам басына беретін жартымсыз азық-түлікті өзі жемей, інілеріне, қарындасына бөліп береді екен. Ұлы Отан соғысының алдында 16 жасында «ФЗУ»-ды қызыл дипломмен бітіріп, отбасының қамын ойлап, Гурьевтегі Петровский атындағы заводқа токарь болып жұмысқа орналасады. Жоғары дәрежелі токарь болғандықтан, броньмен соғыстан қалып, Доссор мұнай-кен орнында немістің құлаған ұшақтарын жөндеуден өткізіп, неміс таңбасын жұлдызға ауыстырып, қайтадан майданға жіберіп отырған. Өмір бойы слесарь болып еңбек атқарып, зейнеткерлікке «ЖУТТ» мекемесінен шықты. Еңбек ардагері. 1979 жылы өмірден озды, – дейді.

Әманда, «Ағасы бардың жағасы бар» деген емес пе халқымыз?! Сабыр ағасының бауырларына деген қамқорлығын көріп, қатарынан кем болмай өскен Сәлім ағасымен бірге еңбек етіп, кейінгі іні-қарындасының өмірден өз жолдарын табу үшін үлкен септігін тигізді. Сол үшін күндіз-түні еңбек етіп, маңдай терін сорғалата төкті. Оның 1940 жылы 15 ақпанда өз қолымен толтырған еңбек кітапшасында Байшонас орта мектебіне мұғалім болып қабылданғаны жазылыпты. Ал 1941 жылғы 22 сәуірде ол Қызыл Армия қатарына шақырылуына байланысты, мұғалімдік жұмыстан босатылады. Осыдан көп кешік-

пей-ақ соғыс өрті бұрқ ете түсті. Гурьевтің жаяу әскер училищесін бітіргесін, 1942 жылы желтоқсан айында майданға аттанады. Үшінші Украина майданының 33-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының, 88-ші гвардиялық атқыштар полкінің взвод командирі болып майдандық жолын бастайды. Сөйтіп қан кешкен отты күндер бірінен соң бірі артта қалып жатты. 1943 жылдың маусым айында аяғынан ауыр жараланып, Ереван қаласындағы госпитальға жөнелтіледі. Ол госпитальда келесі жылдың ақпан айына дейін емделіп, соғысқа жарамсыз болып, туған елге оралады. Міне осынау сұрапыл кезді Сәлім Хисметұлының ауылдасы Өтәлі Балғымбаев былайша еске алады:

«Қазақстан мұнайының өркендеуіне үлкен үлес қосқан замандастарымның бірі – Хисметов Сәлім еді. Мен оны бала күнінен білетінмін. Біздің әкелеріміз «Теңдік» колхозында балықшы болды. Бұл колхоз Қайыршақты деген ауылда, Гурьев қаласының күншығыс жағында 30-35 шақырымдай жерде, Каспий теңізінің жағасында болатын. Бұл ауыл екі теңіз қолтығының арасындағы биіктеу қайыршағы мол мүйісінде орналасып еді. 1933 жылы теңіз қатты тасып, ауылды су басып кеткенменен, келесі жылы теңіз күрт тартылып, қолтықтар сусыз қалып, балық аулау кәсібі жойылып, колхоз бытырап кетті. Сәліммен бірге оқыдым. Портфеліміз – киіз қап болды. Қазір «Қайыршақтының» орны жоқ, тып-типыл. Бірақ аты жоғалған жоқ, қазіргі Томарлы ауылы Қайыршақты ауылдық округі болып аталады. Кешегі сұрапыл соғыста біздің қатарымыз өте сиреп қалды ғой. Мысалы, менімен бірге оқыған балалардың бестен бірі ғана елге оралды, төртеуі майданда көз жұмды. Сол азғантай елге оралғандардың бірі – Сәліммен, бұрыннан ауылдас болғасын, тығыз араласып кеттік. Соңынан оның қарындасы Қанзила мен менің ағам Қойшығара екеуі шаңырақ көтеріп, араласымыз одан әрі жалғасты».

Осылайша, аты өшкір сұм соғыстың ортасында болып, жарақатына байланысты елге оралған Сәлім біраз жыл мұғалімдік қызмет атқарып, ауыл балаларына математика пәнінен сабақ береді.

Бұл орайда партия қызметінің ардагері Зейнел Бозтаев:

«1945 жылдың ақпан айында Гурьев қаласына алты-жеті жігітті мұғалімдік оқуға жіберді. Онда біз маусым айына дейін оқыдық. Сол кезде математикадан Жамбыл орта мектебінің мұғалімі Хисметов Сәлім бізге сабақ берді. Үстінде солдат шинелі. Математиканың

есептерін шемішкедей шағады. Кейіннен ол 1951 жылы Мәскеудің Губкин атындағы мұнай және газ институтын бітіріп келіп, алдымен Құлсары мұнай кәсіпшілігіне оператор болып орналасты. Одан кейін шебер болып істеді. Қосшағыл мұнай кәсіпшілігіне бас инженер болып ауысты. Сондай-ақ, ол 1955 жылы Мұнайлы кәсіпшілігінде меңгеруші қызметінде болды. Мұнайлының сол кездегі тәуліктік өнімі 800 тонна болды. Сәкең мінезі жай, салиқалы азамат еді. 1953 жылы Мәрешке үйленгенде, мен үйлену тойларына қатыстым», – дегенді айтады.

Осыдан-ақ оның ауыл балаларын сауаттандыруға қосқан үлесін, мұнай өндіруге сіңірген еселі еңбегін анық байқауға болады. Әйтсе де, «Білім – өмір шырағы» деген емес пе? Ел экономикасының негізгі тұтқасы – мұнайдың сапалы өндіріліп, халықтың игілігіне ұсынылуы үшін, жоғары білім алып, оның ұңғыл-шұңғылына қаныға түскенге не жетсін?! Осындай ойдың жетегінде жүрген Сәлім інісі Асабайды қасына ертіп алып, мұнай саласындағы білімін жетілдіре түсу үшін, Мәскеудің Губкин атындағы мұнай және газ институтына жол тартты. Талапты ерге қашанда жол ашық. Білімін өрге қарай домалатуды ойлаған ағалы-інілі Хисметовтер Мәскеудің мүйізі қарағайдай институтына өзге қандастары секілді қиналмай түсті. Бес жыл бойы мұнайшылық кәсіптің тереңіне дендеп еніп, бойлай түскен қос бауыр студенттік өмірдің ащысы мен тұщысын қатар татты. Әрине, студенттік кезең кім-кімге де қызық, әрі қиындығы мол жылдар ғой. Ондағы қызықты шақтар, пәк пейілден туындаған ыстық махаббаттар бір сәтте естен кетпейді.

Сол кимас сезімге толы студенттік кезеңді мұнай мен газ өндіру саласына ерен еңбек сіңірген Рахмет Өтесінов Алматы қаласындағы «Өлке» баспасынан шыққан «Соңғы аялдама» атты шығармасындағы «Мәскеуде» деген тарауында былайша баяндайды:

«1946 жылдың жазында Бөлекбай, Құбаш үшеуіміз Алматыда бастаған оқуымызды жалғастыруға Мәскеуге аттандық. Ойымыз – Губкин атындағы мұнай институтына түсу. Жол жүруге әбден төселіп алғанбыз. Қандыағаштан «көңілді 500» атанған жүк, мал тиейтін қызыл вагонға отырып, 4 күн жүріп Мәскеуге келдік. Жүрдек пойыздар екі, екі жарым күнде жетіп баратын.

Мәскеудің үлкендігі, ондағы халықтың көптігі бізді таң қалдырды. Оқулықтардан тек Кремльді көретінбіз. Білетініміз – Кремль, Ленин

мавзолейі, Сталин. Кейде үлкен театрдың суретін көріп қалатынбыз. Сеңдей соғылысқан көп халық. Бір-бірімен ісі жоқ. Шамадандарымызды жүк сақтайтын жерге тапсырып, өзіміз институтқа тарттық. Бір жақсысы, біреуден сұрап әуре болмайсың, қайда, қалай барарың метро стансасының маңдайшасында жазылған. Комсомол стансасынан тура Қырым көпіріне дейін бардық та (онда Калужская стансасы әлі салынбаған), сыртқа шығып, көпірден өтіп алып, жаяулап жүріп отырып, үлкен Калужская көшесіне түстік. Қолымыздағы адреспен институтты таптық. Мәскеуде сауатты кісі адаспайды екен, біз соны білдік. Бір шарбақтың ішінде үш институт бар екен. Сол жақта – мұнай, ортада – тау-кен, оң жақта – болат институты. Ана екеуі де Сталин атында. Мұнайды Губкин атағына неғып қиып бергенін. Мен Муравьевтің хатын ұстап, директордың орынбасарының кабинетіне кірсем, Иван Михайлович орнында екен. Жылы қабылдады, жатырқаған жоқ. Доссордан келгенімді біліп алып, өзінің сонда болғанын, әлде де байланысын үзбегенін айтып, танитын адамдарын сұрап, біраз отырды. Біз артынан білдік, мұнай өндірудің екінші әдісі деп аталатын мұнай қабаттарына су айдауды Одақ бойынша алғаш Доссорда қолдану тәжірибесінің авторларының бірі осы кісі екен. Естеліктерін айтып, біраз шерін тарқатқаннан кейін қағазыма қол қойып берді. Әуелі: «Қай факультетте оқығың келеді?» деп сұраған. Мен мұнай өндіруге дедім. Сол факультетте стипендия басқаларынан көп екен. 450-500 сом. Ол деген кеңес қызметкерлерінің жалақысымен тең. Декан А.С. Смирнов деген ақбас профессор дәл мені күтіп отырған кісідей қалбалақтап жатыр. Қайдан келгенімді, ұлтымды сұрап алып, менің жауабыма риза болғандай: «Өзіңіз тіпті орысша жақсы сөйлейсіз ғой», – деп қойды. Кейін байқасам, соғыстан кейін социалистік жүйеге ауысқан Шығыс Еуропа мемлекеттерінің мұнайшы болам деген жігіттері осында түскен екен. Румын, югослав, чех, албан жігіттері орысшаны мүлдем білмейді. Поляк, словактармен түсініседі де, басқаларымен тілмаш арқылы сөйлеседі. Соларға қарағанда біздің орысшамыз тәуір болып көрінгені ғажап емес.

Маған мына үлкен кісілердің кішіпейілдігі ұнады. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген осы да. Әлгі екеуі – екі оқулықтың авторы. Аттары бүкіл Одаққа әйгілі ғалымдар. Мәскеуді жаңа көріп тұрған қазақтың кара балаларымен қатарындай сөйлеседі.

Бізден бұрын мұнда тікелей келген қазақ балалары бар екен, олар:

Шақабаев Сәкен – геология факультетінің 4-курсında, Есенғалиев Бағытжан – мұнай өндіру факультетінің 3-курсında. Осы факультеттің екінші курсında ағайынды Сәлім, Асабай Хисметовтер, Кемелов Аққуан, Телішев Жұмақан, Әбішев Бисендердің қатарына барып біз қосылдық. Өкінішке орай, Бисен көп ұзамай оқуды тастап, елге кетті. Онысы, әсіресе, орыстың қыздарына батты. Бисен биге жақсы еді, қыздар: «Бисен, сен бүгін менімен билейсің», – деп алдын-ала «заказ» беріп қоятын. Бисенмен билеу үшін кезекке тұратын. Сол уақыттағы балалар биге шорқақ. Оқитындардың көбі – соғыстан қайтқан ақсақ-тоқсақ ересек жігіттер. Олардың бимен ісі жоқ. Бисеннен кейінгі биші – Ирматов Әбіл деген өзбек баласы. Өзі орыс мектебін бітірген. Орышаның түбін түсіреді, киімі де жақсы. Бір бастықтың баласы болса керек. Одан басқа Назаров Сұлтан, Абдураупов Азиз, Алиджанов Ганиджан деген өзбек жігіттері оқыған. Анау олардан оқшау жүреді. Шамасы, менсінбейді. Оның есесіне ана жұпыны киінгендер сабаққа жақсы. Чертеждарын жеткізе алмай қысылғанда, Әбіл соларға жалынады. Сұлтан деген оқу озаты әрі комсомол белсендісі. Қалған екеуі де құр жаяу емес, Қоқандағы мұнай техникумын бітіріп келгендер. Басқа ұлт өкілдерінен жалғыз түрікпен жігіті, армиядан босап келіп түскен. Сол бітіргенше басқа түрікпен көрінбеді. Анналиев Әбді біреу болғанмен, бірегей болды. Бітіріп барысымен, басшы қызметтердің баспалдағын секіріп аттап, жоғарылай берді. Бес жылдан кейін Түрікпен Республикасының Министрлер кеңесінің төрағасы болып шыға келді. Өзбек жігіттері олай жоғарылай алмады. Шауып шыққанның алды Абдураупов Азиз Бұхар обкомының өндіріс жөніндегі хатшысы болды. Біздің үміт күткеніміз Сұлтан еді, ол аспирантураға түсті де, ғылым қуып кетті. Ақыры Ташкент политехника институтында кафедра меңгерушісі болып қалыпты. Бұлардан кейін келген Мамаджанов Ульмас деген жігіт техника ғылымдарының докторы болып, ғылыми-зерттеу институтында директорлық қызмет атқарып жүрді.

Біздің жігіттерден Шақабаев – геология министрі, Есенғалиев, Өзбекқалиевтер – оның орынбасары, Сағынғалиев бірлестік бастығына дейін көтеріліп, Қазақстан мұнай өндірісінің өркендеуіне елеулі үлес қосты.

Сәкен – еменнен ойып жасаған мүсіндей әдеміше келген қапсағай кара жігіт, бойында бір шайнам артық ет жоқ. Гимнастикадан 1 раз-

ряды бар екен, спорт шеберіне емтихан тапсыруға күш салып жүрді. Институт чемпионы болып тұрғанда Прагадағы дүниежүзілік демократиялық жастар фестиваліне қатысып келді. Институт бітіргесін, аспирантурада қалып, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты деген атақпен Қазақстан Ғылым академиясының геология институтына, тікелей Қаныш Сәтбаевтың қарауына кеткен. Сонда ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, Атыраудағы геология барлау ғылыми-зерттеу мұнай институтына директорлыққа ауысты. Маңғыстаудағы Бозашы түбегінің мұнай кеніштерін ашқаны үшін, республикалық сыйлық алды. Еңбек жолын Алматыда геология министрлігімен аяқтады. Хисметов Сәлім соғыста аяғынан жарақатты болып елге келгесін, Байшонас кәсіпшілігіндегі орта мектепте физика-математика пәндерінен сабақ берді. Соғыстан бұрын педагогикалық училище бітірген. Соғыс басталысымен, сол мектептің 10 класын бітірген інісі Асабайды жетектеп, Мәскеуге келеді. Екеуі бір курсқа түседі. Сәлім стипендияға қоса соғыс мүгедегі, офицер ретінде пенсия алады екен. Материалдық жағынан мұқтаждық көрген жоқ. 1-ші, 2-ші курстардағы сабақтардың көбі физика, математикаға байланысты, Сәлім үшін олар шемішке шаққанмен бірдей, қағып тастайды. Пайдасының шет-шепірі бізге де тиіп жүрді. Сопромат деген қиын сабақтан басқалар жаппай құлап жатқанда, қазақ балаларының мүдірмей өтуі – көбіне Сәлімнің арқасы.

Жалпы, қазақ, өзбек студенттері жақсы оқыды. Сопроматтың профессоры Гениев деген біздің декан Смирновқа: «Александр Сергеевич, сенің мына қара балаларың күшті ғой. Әдейі дайындап қойған жоқсың ба?» – деп күлетін. 1-ші, 2-ші курстың студенттері үшін нағыз қиын сабақ – «начертательная геометрия». Оның мұғалімі Тюхтунов деген шал апарған чертежіңді қабылдамай, айлап жүргізіп қояды. Өзінің көзі көріңкірмейді, сонда да сығалап қарап отырып, қатеңді тапқыш-ақ. Оған чертеж тапсыру – азап. Оған ұнаған жалғыз Исмұрзин Базарғали деген жігіт. Базар ересек адам. Сәлім сияқты ол да жаралы офицер. Бір қызығы, оң қолынан оқ тиіп, быт-шытын шығарып сындырып кеткен. Әлгі тырысқан қолымен чертеж сызғанда тасқа басқандай, таң қаласың.

Тюхтуновты солдаттар «маршал» дейтін, сол маршал Базарды қасына отырғызып қойып, студенттердің чертеждарын тексертеді. Мынау қатесін түзеп, дайындап барып, маршалға қандай баға қою керек

екенін айтады. Анау соны қойып, бекітіп береді. Бізге бұның да пайдасы аз тиген жоқ. Чертежын тапсыра алмай, әбден азапқа түсіп жүрген бір жігітке Базар: «Мен тапсырайын, не бересің?» – дейді. Анау қуанып кетіп: «Ойбай, Бәке, сұрағаныңды берем, – дейді, – Тапсырмасам, стипендиядан қағыламын, содан артық сұрамассыз». Базар әр чертежіне бір шөлмек арақ дейді. Анау соған келіседі. Базар қараса, әлгінің чертежі жарамайды екен. Сөзінен байланған Бәкен, уәдесін бұза алмай, чертеждерін өзі сызып беріп тапсыртады.

Ақысын алып, Алдақов Хасан, Хисметов Сәлім, Базардың өзі – үш шал (біз оларды «шал» дейтінбіз») арағын ішіп отырса, әлгі бала келіп: «Өзім әкелдім ғой, ағалар, маған да құйсаңдаршы» десе, Хасан: «Біз сенен сатып алдық, керек болса алып іш», - деп қуып шығады. Бұлар майданда шабуылға шығар алдында, бой жылыту үшін жүз грамм ішіп үйреніп келгендер. Онсыз отыра алмайтын. Мереке күндері дастархан жайылғанда, біздерге: «Қарағым, ішкің келмей отырса, ішпей-ақ қой. Бұны ішпегеннен ештеңеден ұтылмайсың», – деп отыратын. Біреу зорласа: «Әй, баланы зорлама, тартпай отырған болар, неғыласың зорлап», – деп ұрсатын, бұның өзі екі жаққа да тиімсіз емес еді. Бізді жаман әдеттен сақтаса, өздеріне сыбаға молырақ қалады.

Алдақов Хасан Смирновтан кейін келген декан Егеревпен соғыста бірге болған екен. Ішкілері келгенде Хасекең біздің біреуімізді шақырып алып: «Бала, мына кісі кім?» – дейді. «Декан ғой», – дейміз. «Сен оны сыйлайсың ба?». «Әрине». «Сыйласаң, бар, бір шөлмек арақ әкел», – дейді. Ана кісі қазақшаға түсінбейді. Арақты стол үстіне қойып жатқанда: «Мынауың не, әкет», – деп ат-тонын ала қашса, Хасекең: «Мен саған айтпадым ба, қазақ қонақжай халық деп, егер алмасаң, өкпелейді», – деп оны көндіріп алып, бізді: «Рахмет, шырағым, ағаларыңды осылай сыйлап жүр», – деп шығарып салады.

Асылханов Сәлімжан институтқа кейін келді. Бізден едәуір жас. Хасандардың көзіне тіпті бала. Бала болғанмен, өзі ешкімге есесін жібермейтін, басынан сөз асырмайтын, шытырлақ мінезі бар еді. Сол Хасекеңнің өктемдігін көтере алмай, шатасып қалады. Хасекең аздап ұрттап алса керек, үлкендігін бұлдап, боқтап та жібереді. Сәлімжан аптығып:

– Сен менің анама тіл тигіздің, қолыңда өлем, – деп дүрсе қоя береді. Басқалар ұстап жібермейді.